

## 2019 жылға арналған агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кейбір мәселелер туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2019 жылғы 8 сәуірдегі № 88/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 сәуірде № 6291 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағының 4), 7) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" № 108 бұйрығына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2019 жылға арналған субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ. Т. Нүкеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Бақауов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Павлодар облысы әкімдігінің

2019 жылғы "8" сәуірдегі

№ 88/2 қаулысына

қосымша

## Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2019 жылға арналған субсидиялар көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облыстық әкімдігінің 26.12.2019 № 363/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Субсидиялау бағытының атауы	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидияланатын көлем (бас, килограмм, дана, доза)	Субсидиялар сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5	6
Жергілікті бюджеттен субсидиялар көлемдері					
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:					
1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	60 830	608 300
2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы *		20 000	21 850	437 000
3	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	б а с / шағылыстыру маусымы	100 000	24	2 400
4	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	сатып алынған бас	150 000	1 917	287 550
5	Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу *		225 000	1 177	264 825
6	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	750 528	150 105,6
Барлық сомасы					1 750 180,6
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу:					
7	Бір жынысты	сатып алынған	10 000	305	3 050
8	Қос жынысты	доза	5 000	2 058	10 290
Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:					
9	отандық немесе ТМД елдерінен әкелінген шетелдік	сатып алынған бас	150 000	353	52 950
10	Аустралия, АҚШ, Канада және Еуропа елдерінен әкелінген *		225 000	840	189 000
Сүт өндіру құнын арзандату:					
11	бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық		35	35 728 570	1 250 499,95

12	бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	20	3 000 000	60 000
13	бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		10	2 975 731	29 757,31
14	Ауыл шаруашылығы кооперативі		10	2 500 000	25 000
15	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтандырылған бас/шағылысу маусымы	5 000	2 594	12 970
16	Эмбриондарды телу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	бас	80 000	33	2 640
17	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы аналық басының және толықтыратын мал басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату */**	бас	120 000	5 416	649 920
Барлық сомасы					2 286 077,26
Етті құс шаруашылығы					
Құс етін өндіру құнын арзандату					
18	2 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген немесе өңделген килограмм	50	4 520 000	226 000
Барлық сомасы					226 000
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату:					
19	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	2,2	127 298 550	280 056,810
20	20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		2	19 417 433	38 834,866
Барлық сомасы					318 891,676
Шошқа шаруашылығы					
21	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу *	бас/шағылысу маусымы	40 000	6 798	271 920
Барлық сомасы					271 920
Қой шаруашылығы					
Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:					
22	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/шағылысу маусымы	2 500	7 271	18 177,5
23	Қойлардың тауарлық аналық басы		1 500	30 000	45 000
24	Асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	8 000	539	4 312
Барлық сомасы					67 489,5

Жылқы шаруашылығы					
25	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	129	12 900
26	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	100 000	6 000
	Барлық сомасы				18 900
2018 жылы мақұлданған өтінімдер ***					
Шошқа етін өндіру құнын арзандату:					
27	нақты бордақыланғаны 3 000 бастан бастап	килограмм	100	1 990 159,64	199 015,964
	Барлық сомасы				199 015,964
	Барлығы				5 138 475
Республикалық бюджеттен субсидиялар көлемдері					
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:					
1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/шағылыстыру маусымы	10 000	143	1 430
2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы *		20 000	562	11 240
3	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	сатып алынған бас	150 000	286	42 900
4	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	144 410	28 882
	Барлық сомасы				84 452
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу					
5	Аустралия, АҚШ, Канада және Еуропа елдерінен әкелінген *	сатып алынған бас	225 000	838	188 550
Сүт өндіру құнын арзандату:					
6	бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген	10	1 303 519,8	13 035,198
7	Ауыл шаруашылығы кооперативі	килограмм	10	1 606 634	16 066,34
	Барлық сомасы				217 651,538
Етті құс шаруашылығы					
Құс етін өндіру құнын арзандату					
8	2 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген немесе өңделген килограмм	50	533 763	26 688,15
	Барлық сомасы				26 688,15
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық				

9	нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	373 830	22 429,8
Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату					
10	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	2,2	57 742 960	127 034,512
	Барлық сомасы				149 464,312
Қой шаруашылығы					
Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:					
11	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/шағылысу маусымы	2 500	314	785
12	Қойлардың тауарлық аналық басы		1 500	6 290	9 435
13	Асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	8 000	1 103	8 824
	Барлық сомасы				19 044
Жылқы шаруашылығы					
14	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	12	1 200
	Барлық сомасы				1 200
Балара шаруашылығы					
15	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/маусым	5 000	300	1 500
	Барлық сомасы				1 500
	Барлығы				500 000

Ескертпе:

\* - жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде және/немесе басқа бюджеттік бағдарламалардан қайта бөлінген кезде субсидиялау нормативтерін осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес Министрлікпен келісім бойынша белгіленген нормативтен 50%-ға дейін және мал азығын субсидиялау бойынша 100 %-ға дейін ұлғайтуға жол беріледі;

\*\* - жергілікті бюджеттен қосымша бюджет қаражаты бөлінгенде;

\*\*\* - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 21-тармағына сәйкес, осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін алдыңғы жылы мақұлданған, бірақ қаражаттың болмауы себепті төленбеген өтінімдер 2019 жылғы бюджет қаражатынан басым тәртіппен төленуі тиіс.

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚШ – Америка Құрама Штаттары;

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК